

**"2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 23/2 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 29/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4799 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 және 109-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4502 болып тіркелді, 2018 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) № 23/2 шешіміне келесі өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. 1, 2 және сәйкесінше 3 қосымшаларға сәйкес 2018-2020 жылдарға, соның ішінде 2018 жылға арналған аудандық бюджеті, келесі көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 3084725,5 мың теңге, соның ішінде мыналар бойынша:

салықтық түсімдер – 431528 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 62327,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен – 31532 мың теңге;

трансферттер түсімі – 2559338 мың теңге;

2) шығындар – 3085497,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 25301 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 32467 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 7166 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 1000 мың теңге, соның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу – 1000 мың теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын (профициті) – -27073,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 27073,4 мың теңге, соның ішінде:

қарыздар түсімі – 32467 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 7166 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1772,4 мың теңге.";

6-1 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"6-1. 2018 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінде Новомихайлов ауылдық округі бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымды трансферттер көлемі 5145,6 мың теңге сомада қаралсын.";

7 тармақта:

1), 2), 4), 5), 6) тармақшалар келесі редакцияда баяндалсын:

"1) 3993 мың теңге – 2018 жылға тіл курстары бойынша тәжірибеден өткен, мұғалімдерге үстеме ақыға;"

"2) 2087 мың теңге – 2018 жылға негізгі қызметшінің оқу мерзіміне орнын басуға мұғалімге үстеме ақыға;"

"4) 6037 мың теңге – халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс және көмекшілер бойынша кеңесшілерді енгізуге, соның ішінде:

көмекшілердің еңбекақысын төлеуге – 4437 мың теңге,

кеңесшілердің еңбекақысын төлеуге – 1600 мың теңге;"

"5) 3035 мың теңге – "Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының үшінші кезеңін (2016-2018 жылдар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 213 қаулысымен бекітілген Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға, соның ішінде:

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын арттыру – 2693 мың теңге,

техникалық көмекші (орын толтыру) құралдардың тізімін кеңейту – 342 мың теңге;"

;

"6) 84926 мың теңге – еңбек нарығын дамытуға, соның ішінде:

еңбекақыны жартылай субсидиялау – 4664 мың теңге,

көшуге субсидия беру – 21191 мың теңге,

жастар тәжірибесі – 3608 мың теңге,

тұрғын үйді жалдауға (жалға) беруге және коммуналдық шығындарды өтеуге – 21552 мың теңге,

жұмыс берушілерге субсидиялар – 17316 мың теңге,

жаңа бизнес-ойларды іске асыруға қоныс аударушыларға гранттар – 16595 мың теңге.";

7 тармақ келесі мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) 84430 мың теңге – жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге;

8) 10100 мың теңге - ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге.";

8 тармақ келесі мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) 1977 мың теңге – жоғары жылдам қол жетімді Интернет желісімен білім ұйымдарын қамтамасыз етуге;

7) 11423 мың теңге – көмірді сатып алуға.";

14 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"14. 2018 жылға Мамлют ауданының жергілікті атқарушы органдар резерві 40 мың теңге сомада бекітілсін."

Нұсқалған шешімнің 1, 4 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы мәслихаты  
сессиясының төрағасы

Қ. Қасенов

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы  
мәслихатының хатшысы

Р. Нұрмұқанова

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы  
мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 29  
/2 шешіміне 1 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы  
мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №  
23/2 шешіміне 1 қосымша

## 2018 жылға Мамлют аудандық бюджет

| Санаты | Класс | Ішкі класс | Атауы             | Сом,<br>мың<br>теңге |
|--------|-------|------------|-------------------|----------------------|
| 1      | 2     | 3          | 4                 | 5                    |
|        |       |            | 1) Кірістер       | 3084725,5            |
| 1      |       |            | Салықтық түсімдер | 431528               |
|        | 01    |            | Табыс салығы      | 13449                |
|        |       | 2          | Жеке табыс салығы | 13449                |
|        | 03    |            | Әлеуметтік салық  | 150000               |
|        |       | 1          | Әлеуметтік салық  | 150000               |
|        |       |            |                   |                      |

|                   |                                     |            |                                                                                                                                                                        |               |
|-------------------|-------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
|                   | 04                                  |            | Меншікке салынатын салықтар                                                                                                                                            | 198513        |
|                   |                                     | 1          | Мүлікке салынатын салықтар                                                                                                                                             | 165173        |
|                   |                                     | 3          | Жер салығы                                                                                                                                                             | 3106          |
|                   |                                     | 4          | Көлік құралдарына салынатын салық                                                                                                                                      | 25234         |
|                   |                                     | 5          | Бірыңғай жер салығы                                                                                                                                                    | 5000          |
|                   | 05                                  |            | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар                                                                                                        | 66566         |
|                   |                                     | 2          | Акциздер                                                                                                                                                               | 3000          |
|                   |                                     | 3          | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                    | 50000         |
|                   |                                     | 4          | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                      | 13566         |
|                   | 08                                  |            | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 3000          |
|                   |                                     | 1          | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                        | 3000          |
| 2                 |                                     |            | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                 | 62327,5       |
|                   | 01                                  |            | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                 | 39755,5       |
|                   |                                     | 5          | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                                                           | 3697,6        |
|                   |                                     | 7          | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар                                                                                                             | 7,9           |
|                   |                                     | 9          | Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер                                                                                                                          | 36050         |
|                   | 06                                  |            | Өзге де салықтық емес түсімдер                                                                                                                                         | 22572         |
|                   |                                     | 1          | Өзге де салықтық емес түсімдер                                                                                                                                         | 22572         |
| 3                 |                                     |            | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                             | 31532         |
|                   | 03                                  |            | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                            | 31532         |
|                   |                                     | 1          | Жерді сату                                                                                                                                                             | 31105         |
|                   |                                     | 2          | Материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                       | 427           |
| 4                 |                                     |            | Трансферттер түсімі                                                                                                                                                    | 2559338       |
|                   | 02                                  |            | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                 | 2559338       |
|                   |                                     | 2          | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                | 2559338       |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімгері | Бағдарлама | Атауы                                                                                                                                                                  | Соманың теңге |
| 1                 | 2                                   | 3          | 4                                                                                                                                                                      | 5             |
|                   |                                     |            | 2) Шығындар                                                                                                                                                            | 3 085 497,9   |
| 01                |                                     |            | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                                                                                  | 282822,8      |
|                   | 112                                 |            | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттың аппараты                                                                                                                  | 16584,7       |
|                   |                                     | 001        | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                              | 16584,7       |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                                                                  |          |
|----|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                               | 96383    |
|    |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                            | 78826    |
|    |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                           | 16357    |
|    |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                 | 1200     |
|    | 123 |     | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                                                            | 116154,9 |
|    |     | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                      | 111999,9 |
|    |     | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                           | 4155     |
|    | 459 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі                                                                                                                                                               | 28174    |
|    |     | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу                                                                                                                                                                                  | 869      |
|    |     | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу                                                                                                              | 700      |
|    |     | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 26570    |
|    |     | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                           | 35       |
|    | 495 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                      | 25526,2  |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                 | 14309,4  |
|    |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                           | 200      |
|    |     | 040 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту                                                                                                                                                                                      | 8016,8   |
|    |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                 | 3000     |
| 02 |     |     | Қорғаныс                                                                                                                                                                                                                         | 10400    |
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                               | 10400    |
|    |     | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                                                                                    | 5230     |
|    |     | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою                                                                                                                                      | 4900     |
|    |     | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар                                         | 270      |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                       |           |
|----|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| 04 |     |     | Білім беру                                                                                                                                                                            | 2013657,2 |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                   | 137867    |
|    |     | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                 | 42816     |
|    |     | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                | 95051     |
|    | 123 |     | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                 | 4996      |
|    |     | 005 | Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру                                                                                         | 4996      |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                   | 1778516,2 |
|    |     | 003 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                      | 1730402,2 |
|    |     | 006 | Балаларға қосымша білім беру                                                                                                                                                          | 48114     |
|    | 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                               | 26090     |
|    |     | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                          | 26090     |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                   | 66188     |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                        | 11524     |
|    |     | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                          | 27483     |
|    |     | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі                | 8952      |
|    |     | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 617       |
|    |     | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халықпсихологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету                                           | 9097,6    |
|    |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                 | 8514,4    |
| 06 |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                        | 286254    |
|    | 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                            | 14938     |
|    |     | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                   | 14938     |

|    |     |     |                                                                                                                                                                          |          |
|----|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                      | 20264    |
|    |     | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                           | 15174    |
|    |     | 031 | Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау                      | 5090     |
|    | 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                               | 251052   |
|    |     | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы                                                                                                                                              | 139489   |
|    |     | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                  | 9073     |
|    |     | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету                                                                                                | 665      |
|    |     | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                         | 37542    |
|    |     | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру | 9501     |
|    |     | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                    | 24399    |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер   | 26274    |
|    |     | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                              | 350      |
|    |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                    | 3759     |
| 07 |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                         | 14394,6  |
|    | 123 |     | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                    | 7861     |
|    |     | 014 | Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру                                                                                                                            | 4211     |
|    |     | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру                                                                                                                                 | 2798     |
|    |     | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру                                                                                                                             | 852      |
|    | 495 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                              | 6533,6   |
|    |     | 007 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау                                                                                   | 3457,6   |
|    |     | 013 | Коммуналдық шаруашылықты дамыту                                                                                                                                          | 3076     |
| 08 |     |     | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік                                                                                                                         | 141212,3 |
|    |     |     |                                                                                                                                                                          |          |

|    |     |     |                                                                                                                                                                           |         |
|----|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
|    | 123 |     | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                     | 32939,4 |
|    |     | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау                                                                                                                      | 32939,4 |
|    | 455 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі                                                                                               | 24892   |
